



ХҒТАР 14.25.07

<https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-112-128>

Ғылыми мақала

Бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік портреті, дайындау, білімін жетілдіру мәселелері

О.М. Жолымбаев¹, Г.Е. Берикханова¹, А.А. Мухамбетова², Д.Р. Онтагарова¹

¹Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан

²Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы, Астана, Қазақстан

(E-mail: orik_65@mail.ru, gulnazezhenkan@mail.ru, amina-15@mail.ru, diko-68@mail.ru)

Аңдатпа. Еліміздегі педагогтардың, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік портреті, педагогтарды даярлау, кәсіби құзірет-тіліктерін жетілдіру мәселелері мақаланың өзектілігін айқындайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын университеттердің, колледждердің білім беру бағдарламаларына салыстырмалы анализ жасалды. Алыс-жақын шетел ғалымдарының педагог даярлаудағы іс-тәжірибелері қарастырылды. Педагогтың білімін сырттай бағалау бойынша университеттердің рейтингісі шығарылды. Білім беру мазмұнының жаңартылуы мұғалімнен пәндік білімін үнемі жоғарылатып отыруды талап етеді. Осы мақсатта бастауыш сынып мұғалімдеріне негізгі төрт пән бойынша қандай тараулар мен бөлімдерден пәндік білімін көтеру қажет екендігі анықталды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің алдында тұрған негізгі қиындықтар қарастырылып, жағдайды жақсарту үшін стратегиялар мен ұсыныстар жасалды.

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бойынша орта кәсіптік білім, жоғары білім, жоғары білім беруден кейінгі білім беру бағдарламалары салыстырылып зерттелді. Болашақ мұғалімдердің сапалы дайындығын қамтамасыз ету және бастауыш сыныптарда білім беру процесін жақсарту мақсатында білім беру мәселелері мен біліктілікті арттыру әдістеріне ерекше назар аударылады. Зерттеу және білім беру мекемелері, бастауыш сынып мұғалімдері, сондай-ақ Қазақстандағы бастауыш білім беру сапасын жақсартуға бағытталған білім беру саясатының басшылары үшін пайдалы болуы мүмкін құнды ұсыныстар мен практикалық қорытындылар ұсынылады.

Түйін сөздер : бастауыш сынып, мұғалім, біліктілік, білім бағдарламасы, әлеуметтік портрет.

Кіріспе

Мектепте білім берудің сапасын арттыру және мұғалімдерді даярлаудың маңыздылығын Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды. Сондай-ақ болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек. Бұл бағытта нақты жұмыстар басталды. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал» - деп биылғы Жолдауында айқын мақсат қойды [1].

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақталуы, халықтың демографиялық өсуі педагогтың, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің сұранысқа ие болатыны сөзсіз. Сондықтан болашақ педагогты даярлайтын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының мұғалімнің ақпараттық-коммуникативтік мәдениеттілігін, оқытудың жаңа педагогикалық әдістерді меңгеруін, терең пәндік білім беруін қамтамасыз етуі маңызды. Мемлекеттік «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жобаның да мақсаты болашақ педагог кадрлардың сапалық деңгейін арттыру, білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеру.

Сондықтан мұғалімнің кәсіби білімін жетілдіру мәселесі де өзекті болып табылады. Зерттеу жұмысында бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік білімді қандай тараулардан жетілдірілу қажеттігі анықталып, ұсыныстар жасалды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдісін таңдап алу еліміздегі бастауыш сынып мұғалімдерінің бүгінгі таңдағы әлеуметтік портретін анықтау, колледждер мен университетте сапалы маман даярлаудағы білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін салыстыру, бастауыш сынып мұғалімдерінің білімдерін бағалау тестілерінің нәтижелерін, пәндік білім дәрежелерін зерттеу мәселелеріне байланысты таңдалып алынды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік портретін, пәндік білімдегі кемшіліктерді, педагогтың білімін бағалау тестісін тапсырудағы қиындықтарды анықтау мақсатында кең тараған педагогикалық-психологиялық әдістің бірі – *сауалнама* жүргізу қолданылды. Бұл әдіс жауап берушінің аты, жөні жазылмайды, тек оның жауаптарының жазылуымен, яғни анонимділігімен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы барысында Google Forms арқылы онлайн сауалнама жүргізілді.

Оның нәтижелері *квалиметриялық әдісті дифференциациялау* арқылы зерттелді. Сауалнаманың нәтижесі бойынша педагогтардың жауаптары жүйеленіп, өткен оқу жылындағы мәліметтермен салыстырылып, талқыланды.

Зерттеу тақырыбы бойынша ақпараттарды жинағаннан кейін оларды өңдеп қана қоймай, *мәліметтерді талдау* арқылы зерттелетін жағдайды толық түсініп, болжамдар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік туды. Бұл – өңдеу әдістерін қамтитын статистикалық зерттеудің негізгі бағыты болғандықтан ол тек осы мәселелер мен деректерде жазылған ақпаратты пайдаланады. Облыстар бойынша 2021-2022 оқу жылында бастауыш сынып

мұғалімдерінің педагогтың және бітіруші түлектердің білімін бағалау бойынша тестілеу нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша мәліметтер талданды.

Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға арналған колледждер мен университеттердің білім беру бағдарламалары салыстырылып, практикалық маңызы бар ұсыныстар жасалды.

Талқылау


Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, 8 жасар екі баланың біріне жоғары санаттағы, ал екіншісіне төменгі санаттағы мұғалім сабақ берсе, 3 жылдың ішінде олардың үлгеріміндегі алшақтық 53% құрайды екен. Орта мектепте жұмыс өнімділігі жоғары және төмен мұғалімдердің оқушылары көрсететін білім сапасының айырмашылығы орта білім берудің жалпы сертификатындағы (GCSE) үш деңгейден де үлкен болып шыққан. Бұдан біліктілік деңгейі жоғары және төмен мұғалімнің балаға қаншалықты ықпал ететінін байқаймыз [2].

Америкалық зерттеулерге сәйкес жоғары білім сапасын көрсеткен 10 пайызға енетін мұғалім 3 жыл қатарынан оқытқан оқушы, дәл сол уақыт аралығында көрсеткіші төмен мұғалім оқытқан оқушыдан 2 жылға озып кетеді екен. Біліктілігі төмен немесе нашар бірнеше мұғалім оқытқан балаларда түрлі қиындықтар болып, өз қатарластарынан қалып қою мәселесі туындайды. Әсіресе мұғалімдер әл-ауқаты төмен отбасынан шыққан балалар өміріне де айтарлықтай ықпал ете алады. Саттон Трастың (2011) берген есебіне сәйкес, әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға жақсы мұғалім 1,5 жылдық, ал біліктілігі төмен мұғалім 0,5 жылдық білім көлемін меңгереді. Басқаша айтқанда, бұл оқушылар үшін біліктілігі жоғары және төмен мұғалімдердің айырмашылығы білім деңгейінде бір жылға пара-пар. Сапалы оқыту мәселесі оқушылардың оқу үлгерімін арттырудағы маңызды факторы болып саналады [3].

Жаңартылған білім беру жүйесіне көшуге байланысты ұстаздардан білім алушыларды өзгермелі қоғамда өмір сүруге бейім, жаһандық көзқарасы мен заман талабына сай жаңа дағдыларды қалыптастырған тұлға етіп тәрбиелеу талап етілуде. Осы міндетті орындау үшін мұғалімнің пәндік білімді терең меңгеруі, жаңа оқыту технологиялары мен педагогикалық зерттеу әдістерін педагогикалық қызметінде кеңінен қолдана алуы керек.

А. Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығының базасындағы статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасында 77573 бастауыш сынып мұғалімі бар. Оның ішінде «Педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі бар – 2286 (3%), «Бакалавр» академиялық дәрежесі бар – 64769 (83%), колледж бітірген – 10517 (14%) мұғалім қызмет етеді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің 71% -ы мемлекеттік тілде, ал 27% тек орыс тілінде қалған 2%-ы екі тілде де бастауыш сыныптарға білім бере алатыны анықталды [4].

Ұлттық тестілеу орталығы базасында тесттен өтетін ұстаздың қандай оқыту формасында білім алғандығын көрсететін ақпарат ұсынылмайды. Жоғары білімді ұстаздардың қашықтықтан немесе күндізгі оқу түрінде білім алғандығы туралы ақпарат алу мақсатында Google Forms арқылы онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 16476 бастауыш сынып мұғалімдері қатысты. Бастауыш сынып ұстаздарының 70%-ға жуығы ЖОО-нын қашықтықтан оқыту формасы арқылы тәмамдағаны белгілі болды. Сондай-ақ 1985-2023 жылдар аралығындағы қашықтықтан оқыту формасымен білім алған түлектердің үлесіне назар аударылды (Сурет-1) [5].



Сурет 1. Бастауыш сынып ұстаздарының қашықтықтан оқыту формасымен 1985-2023 аралығындағы білім алған түлектердің үлесі

Диаграммдан 2006-2015 жылдар аралығында 1985-1995 оқу жылына қарағанда сырттай оқыту формасында білім алған бастауыш мұғалімдерінің саны 33%-ға артқан.

Бітіруші түлектердің білімін бағалау тестілеуіне 2022-2023 жылы бастауыш сынып мұғалімі мамандығын тәмамдаған 10080 түлек қатысып, олардың тек 2508-і шектік балл жинай алған. Бұл барлық қатысушылардың 24,88%-ын құрайды. Анықталған жағдай қашықтықтан оқыту формасымен білім алған түлектердің тест көрсеткіштері нәтижесінің төмендігіне қатыстылығын көрсетеді.

Ұлттық тестілеу орталығы базасында педагогтың анкетасында оның қандай ЖОО-нын бітіргендігі, қандай оқыту формасымен білім алғандығы, жұмыс істеп жүрген облысы жайлы мәліметтер енгізілсе, педагогтың әлеуметтік портретін жасауға кең мүмкіндік туар еді.

2021-2022 оқу жылындағы сырттай бағалау тестілеуі бойынша 11264 бастауыш сынып мұғалімдері тест тапсырды. Оның ішінде 5241-і (46,62%) шектік балл жинады.

Педагогтың білімін бағалау бойынша облыстардың рейтингісі 1, 2, 3, 4- кестелерде көрсетілді.

Кесте 1

**Облыс бойынша 2021-2022 оқу жылында бастауыш сынып мұғалімдерінің
ПББ бойынша тестілеу нәтижелерінің Топ-5 көрсеткіштері**

Облыс атауы:	Қатысқандар саны:	Шектік бал жинағандары:	(%)	Шектік бал жинамағандары:	(%)
Абай облысы	289	184	63,67	105	36,33
Шығыс Қазақстан облысы	264	163	61,74	101	38,26
Костанай облысы	303	187	61,72	116	38,28
Қарағанды облысы	507	273	53,85	234	46,15
Ақмола облысы	520	265	50,96	255	49,04

Кесте 2

**Облыс бойынша 2021-2022 оқу жылында бастауыш сынып мұғалімдерінің
ПББ бойынша тестілеу нәтижелерінің Аутсайдерлер-5 көрсеткіштері**

Облыс атауы:	Қатысқандар саны:	Шектік бал жинағандары:	(%)	Шектік бал жинамағандары:	(%)
Атырау облысы	571	193	33,8	378	66,2
Батыс Қазақстан облысы	245	88	35,92	157	64,08
Манғыстау облысы	789	286	36,25	503	63,75
Кызылорда облысы	495	201	40,61	294	59,39
Түркістан облысы	1533	658	42,92	875	57,08

Кесте 3

**Облыс бойынша 2022-2023 оқу жылында бастауыш сынып мұғалімдерінің
ПББ бойынша тестілеу нәтижелерінің Топ-5 көрсеткіштері**

Облыс атауы:	Қатысқандар саны:	Шектік бал жинағандары:	(%)	Шектік бал жинамағандары:	(%)
Шымкент қаласы	1377	740	53,74	637	46,26
Түркістан	2954	1559	52,78	1395	47,22
Шығыс Қазақстан облысы	563	289	51,33	274	48,67
Солтүстік Қазақстан облысы	639	305	47,73	334	52,27
Абай облысы	710	336	47,32	374	52,68

Кесте 4

Облыс бойынша 2022-2023 оқу жылында бастауыш сынып мұғалімдерінің
ПББ бойынша тестілеу нәтижелерінің Аутсайдерлер-5 көрсеткіштері

Облыс атауы:	Қатысқандар саны:	Шектік бал жинағандары:	(%)	Шектік бал жинамағандары:	(%)
Жетісу облысы	833	316	37,94	517	62,06
Атырау облысы	931	358	38,45	573	61,55
Ақмола облысы	950	371	39,05	579	60,95
Ақтөбе облысы	1127	444	39,4	683	60,6
Алматы облысы	2235	884	39,55	1351	60,45

2022-2023 оқу жылында 21579 бастауыш сынып мұғалімдері тестілеуден өтіп, 9554 мұғалім (44,27%) ғана шектік бал жинай алды.

2021-2022 оқу жылдарында Абай облысының педагогтың білімін бағалау бойынша тестілеуге қатысушылардың 90%-ның еңбек өтілі 15 жылдан кем емес екендігін айта кеткен дұрыс. Бұл мұғалімдер 2009 жылдағы Мемлекеттік білім беру стандарты бойынша ЖОО-нында «Математика және оны оқыту әдістемесі» пәні бойынша 18 кредит және колледжді кәсіби пәндер бойынша 72 кредит жүктемемен оқыған. Бұл сол кездегі білім берудегі Типтік оқу жоспарының маңыздылығын аңғартады [6].

2019-2020 оқу жылынан бастап ЖОО-ның Академиялық еркіндігіне байланысты кәсіби пәндерді оқытудағы кредит санының азайғанын байқадық. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын еліміздегі 39 ЖОО-да ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығында 42 білім беру бағдарламасы тіркелген. Колледждегі, жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың негізгі төрт пән бойынша оқу кредиттері Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы даярлаған «Орта білім беру стандартымен» салыстырып, мынандай мәліметтерді алынды (Кесте-5)[7]:

Кесте-5

Мектептегі, колледждегі, ЖОО-дағы кәсіби пәндер бойынша оқыту жүктемесі

Пән атауы:	Мектептегі жалпы сағат (1-4 сыныптар)	Колледждегі жалпы сағат	ЖОО-ның саны		
			5 кредит/ 45 сағат	10 кредит/ 90 сағат	15 кредит/ 135 сағат
Тіл мен әдебиет	1116 сағат/ 37 кредит	336 сағат/ 37 кредит	10	24	8
Математика	726,5 сағат/ 24 кредит	216 сағат/ 24 кредит	29	11	2
Жаратылыстану	203 сағат/ 7 кредит	144 сағат/ 7 кредит	40	2	---
Адам және қоғам	135 сағат/ 4 кредит	36 сағат/ 4 кредит	42	---	-----

Бұл кестеден елімізде Математиканы 15 кредит жүктемемен оқытатын 2 университет, 10 кредит жүктемемен 11 университет оқытса, қалған 29 білім беру бағдарламасы 5 кредитпен ғана оқытады. Тіл мен әдебиетті 15 кредитпен оқытатын 8 университет бар. Жаратылыстану пәні ең көбі 10 кредиттік жүктемемен, Адам және қоғам пәні тек 5 кредиттік жүктемемен оқытылуда.

Ал колледждегі білім беру Орта білім беру стандартымен сәйкестендірілгенін байқаймыз. Бұдан маман дайындауда мектепке қажетті білім көлемі ЖОО-да толық қанағаттандырылмайтындығы көрінеді.

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» бекіткен Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы негізінде бастауыш сыныптың төрт пәні бойынша тест тапсырмалары 21 тарау, 70 сұрақты қамтиды (6-кесте)[8].


Кесте 6

Бастауыш сынып пәні бойынша ПББ арналған тест спецификасы

Пән атауы:	Сұрақ саны:	Пайыздық үлесі (%)
Тіл мен әдебиет	26	38
Математика	26	38
Жаратылыстану	14	20
Адам және қоғам	4	4

Сауалнама нәтижелері – 291 жауап

Ұлттық біліктілік тестінің қай бөлімі бойынша біліміңізді жетілдіргіңіз келеді?



Сурет-2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік білім көтеру бойынша сұранысы

Бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогтың білімін бағалау тестінен төмен нәтиже көрсетуінің себебін анықтау мақсатында 291 мұғалімге сауалнама жүргізіліп, қандай пәннің қай тарауынан білім жетілдіру қажеттілігі анықталды. Сауалнама нәтижесін зерттей келе, мұғалімдерге осы пәндердің барлық тарауларынан білім жетілдіруі қажет екендігіне көз жеткіздік. Оның негізгі себебі жоғарғы оқу орындарында осы пәндерді және оларды оқытудың әдістемесіне оқу кредитінің аз бөлінуі деп есептейміз (сурет-2)[5].

Жоғарғы оқу орнын бітіруші түлектерді сертификациялау негізінде жүргізілетін педагогтың білімін бағалау тестінің нәтижесі жоғары оқу орнының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Білімді бағалау тестілеуіне 2021-2022 оқу жылында бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша 10080 түлек қатысып, 8572 түлек (75,12%) оң нәтиже көрсете алмаған. Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтерін жоғарғы оқу орындары бойынша зерттеу мынандай нәтиже көрсетті.

Кесте 7

Жоғары нәтижелерге қол жеткізе алған Топ-5 ке енетін университеттер

ЖОО коды	ЖОО-ның атауы:	Жалпы саны	Шектік балл жинағандар:	%	Шектік балл жинамағандар:	%
153	Қазақстан-Американдық еркін универсиеті	57	42	73,68	15	26,32
7	«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ	225	123	54,67	102	45,33
36	«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ	101	46	45,54	55	54,46
11	«С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан» университеті» КеАҚ	120	54	45	66	55
35	«Ш. Уалиханова атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ	106	47	44,34	59	55,66

Кесте 8

Төменгі нәтиже көрсеткен Аутсайдерлер-5 университеттер

ЖОО коды	ЖОО-ның атауы:	Қатысқандар:	Шектік балл жинағандар:	%	Шектік балл жинамағандар:	%
143	Ж. Ташенов атындағы университет	190	21	11,05	169	88,95

154	Алматы гуманитарлық экономикалық университеті	114	15	13,16	99	86,84
414	Шымкент университеті	1398	219	15,67	1179	84,33
202	Академик А. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті	737	126	17,1	611	82,9
141	Alikhan Bokeikhan University	247	52	21,05	195	78,95

2022-2023 оқу жылы тестілеуге 8384 түлек қатысып, 2943 түлек (33.01%) шектік балл жинай алмаған. Бастауыш сынып мұғалімі мамандығын тәмәмдаған түлектердің тест қорытындысы бойынша университеттер көрсеткіші сәйкес 9 – 10 кестелерде көрсетілген.

Кесте 9

Бастауыш сынып мұғалімі мамандығы түлектерінің тест қорытындысы бойынша Топ-5-ке енетін университеттер

ЖОО коды	ЖОО-ның атауы:	Жалпы саны	Шектік балл жинағандар:	%	Шектік балл жинамағандар:	%
7	«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ	265	220	83,02	45	16,98
35	«Ш. Уалиханова атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ	103	84	81,55	19	18,45
42	«Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ	81	66	81,48	15	18,52
36	«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ	78	63	80,77	15	19,23
37	Қожа-Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті	103	81	78,64	22	21,36

Кесте 10

Бастауыш сынып мұғалімі мамандығы түлектерінің тест қорытындысы бойынша Аутсайдерлер-5-ке енетін университеттер

ЖОО коды	ЖОО-ның атауы:	Қатысқандар:	Шектік балл жинағандар:	%	Шектік балл жинамағандар:	%
143	«Мирас» университеті	263	135	51,33	128	48,67

154	Ж. Ташенов атындағы университет	168	87	51,79	81	48,21
414	Академик А. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті	557	314	56,37	243	43,63
202	Шымкент университеті	1052	594	56,46	458	43,54
141	Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	208	122	58,65	86	41,35

Аутсайдерлер тобында жыл сайын кейбір университеттердің қайталануы бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлаудың білім беру бағдарламасын жаңартуды қажет ететіндігін көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушылары әр нәрсені білуге, көруге құштар және оны іс-әрекетте қолдана білгісі келеді. Осы ерекшеліктерін ескере отырып баланы жастай шығармашылыққа үйрету керек. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда дәстүрлі және цифрлық көрнекті құралдар құрастыру, пайдалану студенттерді практикалық іс-әрекет дағдыларына машықтандыруға мүмкіндік жасайды. Осы мақсатқа жетуде білім алушылардың өндірістік практикасының алатын орны ерекше [9].

Педагогикалық және өндірістік практикаға бөлінетін жалпы кредиттен математиканы оқыту әдістемесіне арнайы кредиттің бөлінуі қажет, бұл сөзсіз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық дайындығының тиімділігіне ықпал етеді. Сондықтан зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып, білім беру бағдарламасына «Математика» және «Тіл мен әдебиет» пәндерін оқытуда мынандай өзгеріс енгізуді ұсынамыз (11-кесте).

Кесте 11

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда білім беру бағдарламасының «Математика» және «Тіл мен әдебиет» пәндерін оқытуға ұсыныс

Пәндердің атауы (модуль)	Кредит саны	Модульдің компоненттері	курсы	Кредит саны
Математика	20	Математиканың теориялық негіздері	2	5
		Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі	3	5
		Бастауыш сынып математикасына дәстүрлі және цифрлық көрнекті құралдар құрастыру, пайдалану әдістемесі / STEM-беру	3	4
		Педагогикалық практика	3	2 (жалпы 6 кредиттің ішінде)
		Өндірістік практика	4	4 (жалпы 10 кредиттің ішінде)

Тіл мен әдебиет	20	Қазіргі қазақ тілі және қазақ тілін оқыту әдістемесі	2	5
		Бастауыш сыныпта жазу сауаттылығы	3	5
		Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикасы	3	4
		Педагогикалық іс-тәжірибе	3	2 (жалпы 6 кредиттің ішінде)
		Өндірістік іс-тәжірибе	4	4 (жалпы 10 кредиттің ішінде)

Сонымен қатар теориялық біліммен қатар іс-тәжірибеден өту барысына да жаңа леп керек. Осы мақсатта, педагогикалық және өндірістік практика мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғаліміне қажетті пәндік және әдістемелік құзіреттіліктерін игеруге бағытталуы керек. Практика уақытын нақты пәнге арнаулы түрде бөлу арқылы білім алушының тәжірибе барысында меңгеретін құзіреттіліктерін болжай аламыз (12-кесте). Ал практика нәтижесін бөлінген кредиттер санының пайызына қарай әр пән бойынша бағалап, жиынтық қорытынды баға шығару қажет.

Кесте 12

Педагогикалық және өндірістік іс-тәжірибенің пән бойынша кредит саны

Пән атауы:	Педагогикалық іс-тәжірибе (3-курс)		Өндірістік іс-тәжірибе (4-курс)	
	ББ	Ұсынылатын кредит	ББ	Ұсынылатын кредит
Тіл мен әдебиет	6 апта	2	10 апта	4
Математика		2		4
Жаратылыстану		1		1
Адам және қоғам		1		1

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау сапасын жетілдіру мақсатында мынандай ұсыныстар жасалады:

Талдау ақпараттық-талдау орталығы:

Барлық мұғалімдердің бітірген университетінің кодын қою:

– “Жайлы мектеп” бағдарламасына қажетті 120 мың мұғалімнің қандай пәннен, қандай аймаққа, қандай уақытта, қандай тілде қажет екенін анықтай аламыз;

– Тест тапсыра алмай жатқан мұғалімдердің қандай университеттің түлегі екенін көреміз;

– Университет түлектерінің қандай жетістікке жеткенін көреміз;

Ұлттық тестілеу орталығы:

– Барлық мұғалімдердің бітірген университетінің кодын қою

– Тест тапсыра алмай жатқан бітірушілердің, мұғалімдердің қандай университеттің

түлегі екенін;

– Тест тапсырған бітірушілер мен мұғалімдердің өз пәні бойынша қандай тараудан тапсыра алмайтындығын;

– Республика бойынша ең көп қандай тараудан тестке қате жауап беретіндігін;

– Апелляцияға беретін мұғалімдердің қандай университеттің түлегі;

– Екінші жоғары білім алуда талапкерлерге ҰБТ тапсыруды міндеттеу;

– Педагогикалық мамандыққа түсушілерге қойылатын талаптардың орындалуы;

Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы:

– Педагогикалық мамандар дайындайтын білім бағдарламалары мектептің стандартына сәйкестендірілуі;

– Экспертиза барысында осы орталыққа тіркелген 42 білім бағдарламаларының барлығында бірдей математика 20 кредит, тіл мен әдебиет 20 кредит, жаратылыстану 5 кредит және адам және қоғам 5 кредиттен кем емес болуын қамтамасыз ету;

Біліктілікті арттыру орталықтары:

– Мұғалімдердің білімін жетілдірумен айналысатын мекемелер т.б. өткізген курстарды анализ жасап келешекте қандай курс керек екенін мұғалімдерден анкета алып барып қана ұйымдастыруы;

– Мұғалімдердің ЖОО-да білім алу түріне байланысты әрқайсысына жеке білім жетілдіру курсы өткізуді жоспарлау. Мысалы: күндізгі бөлімді, колледжден кейінгі күндізгі бөлімді ДОТ, екінші жоғары күндізгі бөлім ДОТ;

– ЖОО бітірген ағылшын тілі, орыс тілі, информатика, дене шынықтыру, музыка, бейнелеу өнерінің мұғалімдері бастауыш сыныпта сабақ берсе қосымша бастауыш сыныпта сабақ берудің әдістемесіне курстан өтуі керек;

Кесте 13

Болашақ педагогтарды дайындайтын университетке қойылатын талаптар

№	Педагогтардың білімін бағалау көрсеткіштері бойынша талаптар	Бағалау критерийі		
		ББ қойылатын талаптар	Университет құрылымын басқарушыларға қойылатын талаптар	ПОҚ қойылатын талаптар
1	50% өтпесе	Университет ББ түлектерді қайта дайындайды	Декан қызметінен босатылады	ББ бойынша сабақ беретін ПОҚ сыйақы берілмейді
2	60% өтпесе	Университеттің ББ гранттық конкурса қатыспайды	Оқу-әдістемелік проректор қызметінен босатылады	ББ бойынша сабақ беретін ПОҚ еңбек келісім шарты тек 1 жылға жасалады.

3	70% өтпесе	Университеттің ББ лицензиясы құқығын жояды.	Ректор орнынан босатылады	ББ бойынша сабақ беретін ПОҚ еңбек келісім шарты жасалмайды.
---	------------	---	---------------------------	--

Қорытынды

Педагогикалық маманның ұлттық біліктілік шеңберіндегі деңгейіне ауқымды анализ жасалды. Мұғалімнің жоғары оқу орнында оқытудың қандай формасында білім алғандығы мен оның кәсіби деңгейінің арасындағы тікелей байланыс анықталды.

Ұлттық тестілеу орталығы базасында тестен өтетін педагогтың анкетасының толықтырылуы ұсынылды. Анкетадағы толық мәліметтер университеттердің білім алушының алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға арналған білім беру бағдарламалары зерттеліп, ондағы негізгі төрт пәнге – Тіл мен әдебиет, Математика, Жаратылыстану, Адам және қоғам және педагогикалық, өндірістік практиканы ұйымдастыру мен өткізілу формасына ұсыныс жасалды.

Бастауыш сыныптарда меңгерілетін білік дағдылары оқушылардың білімінің нағыз іргетасы екендігін атап айқымыз келеді. Іргетас дұрыс қаланбаса білім де берік болмайды.

Ризашылық, мүдделер қайшылығы. Зерттеу барысында Google Forms арқылы онлайн сауалнама жүргізілді. Оған барлығы 16476 бастауыш сынып мұғалімдері қатысты. Сауалнама нәтижесінде еліміздегі бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік портреті айқындалды. Сауалнама сұрақтарына әділ жауап қатып, өз тілектері мен қажеттеліктерін бүкпесіз жеткізген ұстаздарға алғыс білдіреміз!

Авторлардың қосқан үлесі.

О.М. Жолымбаев. Шетел ғалымдарының еңбектерін зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау жасауда қолданды. Қазақстан Республикасындағы 77573 бастауыш сынып мұғалімінің академиялық дәрежесіне, оқу тіліне (қазақ, орыс) талдау жасады. Әртүрлі оқу жылдарындағы педагогтың білімін бағалау бойынша облыстардың рейтингісін шығарды. Тестілеу нәтижесі бойынша Топ – 5 және Аутсайдерлер – 5 көрсеткіштері анықталды. Мұғалімдерге жүргізілген сауалнамаға зерттеу жүргізді, ұсыныстар әзірледі. Зерттеу нәтижелерін республикалық семинарларда, конференцияларда ғалым-педагогтар арасында талқылады.

Г.Е. Берикханова. Зерттеу нәтижелерін саралап, бастауыш сынып мұғалімдерінің сапасын жетілдіру мақсатында ұсыныстар әзірледі. Мұғалімдерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдеріне негізгі төрт пән бойынша қандай тараулар мен бөлімдерден пәндік білімін көтеру қажет екендігін анықтады. Мақаланың мәтінін жазып, оның мазмұнының ғылымилығына, нақтылығына үлес қосты.

А.А. Мухамбетова. Әртүрлі оқу жылдарындағы бастауыш сынып мұғалімі мамандығын бітірген түлектердің білімін бағалау тестінің нәтижелерін зерттеп, Топ – 5 және Аутсайдерлер – 5 көрсеткіштері бойынша республикадағы оқу орындарын анықтады. Аутсайдерлер тобында жиі кездесетін университеттерде білім беру сапасын арттыру мақсатында ұсыныстар даярлады.

Д.Р. Онтагарова. Мемлекетіміздегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын университеттер мен колледждердің білім беру бағдарламаларын салыстырып зерттеді. Ондағы негізгі төрт пәнге бөлінген сағаттарды мектептің білім беру стандартымен салыстырды. Зерттеу нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімінің пәндік және кәсіби құзіреттілігін арттыру мақсатында білім беру бағдарламаларындағы сағат немесе кредит сандарын тиімді өзгертуге ұсыныс жасады.

Әдебиеттер тізімі

1. 2024 жылғы 2 қыркүйекте ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел халқына Жолдауы (egemen.kz) – газеттегі мақала

2. ҚР Білім және ғылым министрлігі (2009-2010), Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беру стандарты- 3.08.252-2006, Астана: Ресми басылым – заңдық және нормативтік құжат

3. Рассел Григг. Бастауыш сынып мұғалімі. Шеберлікті шыңдау. Ұлттық аударма бюросы. Нұр-Сұлтан. 2020, 599б. – кітап.

4. Аналитика және зерттеу (taldau.edu.kz) – электрондық ресурс

5. <https://docs.google.com/forms/d/1dnjkWz0KW7fcYiimzGi-H-SQYA0dtVIAag8eeahZdCs/edit> - электрондық ресурс

6. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен 19.01.2023 №21) - заңдық және нормативтік құжат

7. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы (2021 жылғы 12 қазанда күші жойылды - № 726) - заңдық және нормативтік құжат

8. Бастауыш сынып пәні бойынша Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы 13.02.2023 ж ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы РМҚК - заңдық және нормативтік құжат

9. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 04.04.2023 № 145 бұйрығымен - заңдық және нормативтік құжат

О.М. Жолымбаев¹, Г.Е. Берикханова¹, А.А. Мухамбетова², Д.Р. Онтагарова¹

¹НАО «Университет имени Шакарима города Семей», Семей, Қазақстан

²Национальный центр развития высшего образования, Астана, Қазақстан

(E-mail: orik_65@mail.ru, gulnazezhenkan@mail.ru, amina-15@mail.ru, diko-68@mail.ru)

Социальный портрет учителей начальных классов, проблемы подготовки и повышения их образования

Аннотация. В статье анализируется современное состояние учителей начальных классов в Казахстане и делается акцент на важных аспектах их подготовки и совершенствования профессиональных навыков.

Социальный портрет учителей, в том числе учителей начальных классов, подготовка будущих учителей, совершенствование их профессиональных компетенций определяет актуальность данной статьи. Проведен сравнительный анализ образовательных программ вузов и колледжей по подготовке учителей начальных классов. Рассмотрен опыт ближних и дальних зарубежных ученых по подготовке учителей. Определен рейтинг вузов по внешней оценке знаний учителей начальных классов.

Исследованы основные проблемы, с которыми сталкиваются учителя начальной школы, исходя от этого предложены стратегии и рекомендации по улучшению ситуации.

Определена прямая связь между формой обучения обучающихся в высшем учебном заведении и его профессиональным уровнем. В целях обеспечения качественной подготовки будущих учителей и улучшения образовательного процесса в начальных классах особое внимание уделяется вопросам образования и методам повышения квалификации. Исследования предлагают ценные предложения и практические выводы, которые могут быть полезны образовательным учреждениям, учителям начальных классов, а также руководителям образовательной политики, направленные на улучшение качества начального образования в Казахстане.

Ключевые слова: начальная школа, учитель, квалификация, образовательная программа, социальный портрет.

O.M. Zholymbaev¹, G.E. Berikkhanova¹, A.A. Mukhambetova², D.R. Ontagarova¹

¹"Shakarim Semey University", Semey, Kazakhstan

²National Center for the Development of Higher Education, Astana, Kazakhstan

Social portrait of primary class teachers, problems of training and improving their education

Abstract. The article analyzes the current state of primary school teachers in Kazakhstan and focuses on important aspects of their training and improvement of professional skills.

The social portrait of teachers, including those employed in primary schools, the training of prospective teachers, and the improvement of their professional competencies, serves to illustrate the relevance of this article. A comparative analysis of the educational programmes of universities and colleges in the training of primary school teachers has been conducted. The experience of scholars from

a range of countries, both near and far, in the field of teacher training is considered. The ranking of higher education institutions based on the external assessment of the knowledge of primary school teachers is determined.

The primary school teachers' main problems have been investigated, and strategies and recommendations for improvement have been proposed.

A direct relationship has been revealed between the form of education in which the teacher studied at the university and his professional level. The educational programs of universities and colleges that train primary school teachers in our state were compared and studied. In order to ensure high-quality training of future teachers and improve the educational process in primary schools, special attention is paid to education and professional development methods. The research offers valuable suggestions and practical conclusions that can be useful to educational institutions, primary school teachers, as well as educational policy makers aimed at improving the quality of primary education in Kazakhstan.

Keywords: primary school, teacher, qualification, educational program, social portrait

References

1. 2024 zhylgy 2 qyrkujekte QR Parlamenti palatalarynyn birlesken otyrysynda Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaeв el Halqyna Zholdaуy (egemen.kz) – gazettegi maqala
2. Kazakstan Respublikasynyn Bilim jane Gylym Ministrлиgi (2009-2010), Kazakstan Respublikasynyn jalpyga birdie bilim bery standarty -3.08.252-2006, Astana: resmi basylym- (Universal standard of education of the Republic of Kazakhstan: official publication [legal and regulatory document] [in Kazakh]
3. Rassel Grigg. Bastauysh synyp mugalimi. Sheberlikti shyndau. Ultyq audarma bjurosy. Nur-Sultan. 2020, 599 b. – kitap.
4. Arthur J., Waring M., Coe R. and Hedges L.V. (eds) (2012) Research Methods and Methodologies in Education, London: Sage - - [the book is in English]
5. Analitikai I issledovaniya [Analytics and research] (taldau.edu.kz) - [Electronic resource]
6. <https://docs.google.com/forms/d/1dnjkWz0KW7fcYiimzGi-HSQY0dtVIAag8eeahZdCs/edit> - [Electronic resource]
7. Prikaz Ministra nauki I vysshego obrazovaniya Respubliki Kazakstan ot 20 iulya 2022 goda № 2 “Ob udtverjdenii gosudarstvennyh obsheobyzatelnyh standartov vysshego I poslevuzovskogo obrazovaniya” (s izmeneniyami I dopolneniyami ot 19.01.2023 №21) Order of the Minister of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan from July 20, 2022, №2 “on the delivery of public health standards higher and postgraduate education” (with amendments and additions from 19.01.2023 No. 21) [in Russian]– [legal and regulatory document]
8. Kazakstan Respublikasynyn Bilim jane Gylymды damytudyn 2016-2019 jyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасы. Kazakstan Respublikasy ukimetinin 2018 jylgy 24 shildedegi № 460 kaulysy. Kazakstan Respublikasynyn Bilim jane Gylymды damytudyn 2020-2025 jyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасы. Kazakstan Respublikasy ukimetinin 2019 jylgy 27 jeltoksandagy № 988 kaulysy. (The State program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019. The government of the Republic of Kazakhstan dated July 24, 2018, №460) – [legal and regulatory document]
9. Bastauysh synyp pani boiynsha pedagogtardyn bilimin bagalauga arналган test spetsifikatsiyasy 13.02.2023ж KR GJBM Ultyk testileu ortalygy RMKK – zandyk jane normativtik act (Test specification for assessing the knowledge of teachers in the subject of Primary School 13.02.2023

director of the RSE of the National Testing Center of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan) - [legal and regulatory document]

10. Kredittik okytu tehnologiyasy boiynsha oku protsesin uiymdastyru kagidalary (KR BGM 2011 jylgy 20 ca'uirdegi№ 152 buirygy jah'aredatsiyada - KR Gylum jane ;jgary bilim ministrinin 04.04.2023 № 145 buirygy) (The organization of the educational process on credit technology training (order Mon RK from April 20, 2011 No. 152 in the editorial office of the Order of the Minister of Science and higher education RK from 04.04.2023 No. 145) - [legal and regulatory document]

Авторлар туралы мәлімет:

О.М. Жолымбаев – хат-хабар авторы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Абай облысы, Гагарин көшесі, 187 үй, 071400, Семей, Қазақстан.

Г.Е. Берикханова – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Абай облысы, Шәкәрім көшесі, 42 үй, 071400, Семей, Қазақстан.

А.А. Мухамбетова – физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы, Астана, Қазақстан.

Д.Р. Онтагарова – педагогика ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Абай облысы, Гагарин көшесі, 187 үй, 071400, Семей, Қазақстан.

Сведения об авторах:

О.М. Жолымбаев – автор для корреспонденции, кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор, Университет имени Шакарима города Семей, Область Абай, ул. Гагарина, 187, 071400, Семей Казахстан.

Г.Е. Берикханова – доктор физико-математических наук, и.о. профессора, Университет имени Шакарима города Семей, Область Абай, ул. Шакарима, 42, 071400, Семей Казахстан.

А.А. Мухамбетова – кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор, Национальный центр развития высшего образования, Астана, Казахстан.

Д.Р. Онтагарова – кандидат педагогических наук, Университет имени Шакарима города Семей, Область Абай, ул. Гагарина, 187, 071400, Семей Казахстан.

Information about the authors:

О.М. Zholymbayev – a correspondence author, Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, Shakarim University of Semey, Abai Region, Gagarin str. 187,071400, Semey Kazakhstan.

Г.Е. Berikkhanova – Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Acting Professor, Shakarim University of Semey, Abai region, Shakarim str. 42,071400, Semey Kazakhstan.

А.А. Mukhambetova – Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, National Center for the development of Higher Education, Astana, Kazakhstan.

Д.Р. Ontagarova – Candidate of Pedagogical Sciences, Shakarim University of Semey, Abai region, Gagarin str. 187,071400, Semey Kazakhstan.